

Балқаш қаласының ауданараплық әділет  
басқармасы. Занды тұлғанын мемлекеттік  
20 11 ж. «19» 01  
Қайта тіркеу жүргізіледі  
БСН 9104000 006  
Алғашқы тіркеlegtен күні 1990-08-00

Балқаш қаласының ауданараплық әділет  
басқармасы. Занды тұлғанын мемлекеттік  
20 11 ж. «19» 01  
Қайта тіркеу жүргізіледі  
№ 44-1990-255144  
Алғашқы тіркеlegtен күні 1990-08-10

«Қараганды облысының  
экономика басқармасы» ММ



**Қараганды облысы білім басқармасының  
Ақтогай ауданы білім бөлімінің  
«Сарышаған мектеп- интернаты»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің  
ЖАРҒЫСЫ**

## 1 тарау. Жалпы ережелер

1. Қарағанды облысы білім басқармасының Ақтөгай ауданы білім бөлімінің «Сарышаган мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - мемлекеттік мекеме) осы жарғыда көрсетілген тиісті функцияларды жүзеге асыру үшін мекеме ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, занды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес ұйым болып табылады.

2. Мемлекеттік мекеменің түрі: коммуналдық.

3. Мемлекеттік мекеме облыстың жергілікті атқарушы органдарының шешімімен құрылады.

4. Мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы: Қарағанды облысының әкімдігі болып табылады.

5. Мемлекеттік мекеменің басқару органды: Қарағанды облысы білім басқармасының «Ақтөгай ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі болып табылады.

6. Мемлекеттік мекеменің мемлекеттік (қазак) тілдегі атауы:

Қарағанды облысы білім басқармасының Ақтөгай ауданы білім бөлімінің «Сарышаган мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде:

Коммунальное государственное учреждение «Сарышаганская школа-интернат»  
отдела образования Актогайского района управления образования  
Карагандинской области.

7. Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері: 100314, Қарағанды облысы,  
Ақтөгай ауданы, Сарышаган кенті, Теміржол көшесі, құрылыш № 3Б.

## 2 тарау. Мемлекеттік мекеменің занды мәртебесі

8. Мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес балансы, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік мекеменің атауы бар бланкілері, мөрлөрі болады.

9. Қазақстан Республикасының зандарында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік мекеме басқа занды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

10. Мемлекеттік мекеме өз міндеттемелері бойынша өзінің билігіндегі ақшамен жауап береді. Мемлекеттік мекемеде ақша жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік аумақтық бөлініс тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауаптылықта болады.

11. Мемлекеттік мекемелердің азаматтық-құқықтық мәмілелері олар Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық болімшелерінде міндетті тіркелгеннен кейін күшіне енеді. Мемлекеттік мекеменің қаржы-шаруашылық қызметін осы тарауда және өзге де құқықтық актілерде көрсетілген барлық туындастырылған функциялары бар мемлекеттік мекеменің басқару органды жүзеге асыра алады.

### **3 тарау. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні мен мақсаттары**

12. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні: жеке адамның, қоғамның, мемлекеттің мұдделеріне сай оқыту және тәрбиелеу; баланың жеке басының жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасау; білім алушылардың өз бетінше білім алуға және қосымша білім алуға қажеттілігін қанағаттандыру.

13. Мемлекеттік мекеме қызметінің мақсаты:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясымен кепілдік берілген азаматтардың белгіленген жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес тегін орта білім алу құқығын іске асыру;

2) жалпы білім беру бағдарламаларын сапалы менгеруді қамтамасыз ету;

3) терең және кеңейтілген білім беру бағдарламаларын саналы түрде тандауға және игеруге дайын, қоғамдағы өмірге бейімделген, мәдениет деңгейі жоғары интеллектуалды тұлғаны қалыптастыру;

4) кәсіптік оқытуға бағытталған пәндер бойынша окушыларды даярлау.

14. Мемлекеттік мекеме өз мақсаттарына қол жеткізу үшін мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады: бастауыш, негізгі және жалпы орта, қосымша білім беру. Мекеме мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту (шағын-орталықтар, мектепалды сыныптар) саласында білім беру қызметтерін көрсетеді. Қызметтің барлық түрлері Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 16 мамырдағы № 202 «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Заңында көзделген рәсімдер орындалғаннан кейін көрсетіледі:

мемлекеттік мекеме қызметінің негізгі міндеттері:

1) ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шындауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;

2) жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-куат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, дарапықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту;

3) азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны – Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді күрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;

4) белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

5) отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу; қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен

дәстүрлерін зерделеу; мемлекеттік тілді, орыс, шетел (ағылшын, неміс) және басқа да тілдерді менгеру;

6) педагог қызметкерлердің әлеуметтік мәртебесін арттыруды қамтамасыз ету;

7) қоғам мен экономиканың қажеттіліктеріне жауап беретін білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесінің жұмыс істеуі;

8) оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кредиттік, қашықтықтан, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану;

9) жалпы оқыту, жұмыс орны бойынша оқыту және еңбек нарығының қажеттіліктері арасындағы өзара байланысты қамтамасыз ететін және әркімге білім мен құзыреттілікке негізделген қоғамда өзінің жеке әлеуетін барынша пайдалануға көмектесетін өмір бойы оқыту жүйесін дамыту;

10) білім алушылардың кәсіби уәждемесін қамтамасыз ету;

11) ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдардың білім алуы үшін арнайы жағдайлар жасау;

Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы жарғыға сәйкес келесі ақылдың білім беру қызметін көрсету:

1) қосымша білім беру бағдарламалары бойынша оқыту;

2) пәндердің арнайы курсары мен циклдерін қосымша оқыту бойынша;

3) жеке білім алушылармен жеке тәртіппен оқу жоспарына сәйкес сағат санынан артық пәндер бойынша қосымша сабактар өткізу;

4) оқушылармен пәндерді қосымша тереңдетіп оқыту бойынша (мемлекеттік жалпыға міндепті стандарттардың тиісті білім беру бағдарламалары шеңберінен тыс);

5) тегін білім беру қызметтерінің кепілдік берілген көлеміне кірмейтін өзге де білім беру қызметтері;

негізгі қызметтің орнына ақылдың қызметтер көрсетілмейді. Мемлекеттік мекеменің ақылдың қызметтерінің бағалары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілуге жатады;

дамыта оқытудың жаңа мазмұнын, оны енгізу нысандары мен әдістерін іздеу, әзірлеу, эксперименттік оқу жоспарларын, бағдарламаларын және факультативтік курсарды тексеру. Оқу процесін ұйымдастыру, басқару осы жарғыға сәйкес жүзеге асырылады;

оқу-тәрбие қызметі мемлекеттік жалпыға міндепті білім беру стандарттары негізінде әзірленген және жалпыға міндепті негізгі және қосымша бағдарламаларды игеруді іске асыратын оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік мекеменің бағдарламалары мемлекеттік жалпы білім беретін мектептердің үлгілік бағдарламаларына негізделген;

мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында белгіленген шекте оқытудың нысандарын, құралдары мен әдістерін таңдауда дербес болады. Мемлекеттік мекеменің білім беру процесін жүзеге асыру үшін жылдық жұмыс оқу жоспарын және оқу сабактарының кестесін әзірлейді және бекітеді;

оқу пәндерін тереңдетіп оқыту үшін факультативтерге және әр сыныпқа 4 сағат есебінен оқушылардың таңдауы бойынша қосымша курсарды ұйымдастыруға қаражат болінуі мүмкін;

оқыту тілі қазақ және орыс тілі болып табылады;

оқу жұмыс жоспарының вариативті бөлігі:

1) жеке таңдаумен, жеке даму бағдарламасымен, оқытудың инновациялық технологияларын пайдаланумен;

2) мекеменің мақсаттары мен міндеттеріне жауап беретін қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін пәндерді дамытатын жаңа оқу бағдарламаларын енгізумен;

3) тұлғаның жалпы мәдени дамуына ықпал ететін, дүниетаным мен гуманистік сананы қалыптастыратын, шындықты танудың әмбебап тәсілдерін игеруге, окушылардың ақыл-ой белсенділігін дамытуға бағытталған пәндер мен курстарды енгізумен қамтамасыз етіледі;

**мемлекеттік мекеме құрылымы:**

1) әкімшілік (директор және оның орынбасарлары);

2) әдістемелік кеңес, педагогикалық кеңес, педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес, қамқоршылық кеңес, жалпымектептік ата-аналар комитеті, сыныптық ата-аналар комитеттері, пәндік әдістемелік бірлестіктер;

3) сынып, топ – мемлекеттік мекеменің негізгі құрылымдық бірлігі;

**білім деңгейі:**

1) бастауыш білім беру (1 - 4 сыныптар) негізгі стратегиялық бағыт - кіші жастағы окушының жеке қабілеттерін ашуға, оқытудың жағымды мотивациясы негізінде қызметтің негізгі салаларында бастапқы бағдарлауды және шығармашылықтың бастапқы дағдыларын қалыптастыруға, балалардың психофизикалық, интеллектуалды және музикалық дамуына жағдай жасауға мүмкіндік беретін дамытушылық оқыту. Оқу бағдарламасын менгеру мерзімі - 4 жыл;

2) негізгі орта білім беру (5 - 9 сыныптар) білім беру мазмұнын жаңартуға бағытталған негізгі әмбебап білім беруді қамтамасыз етеді, неғұрлым құрделі танымдық процестерге көшу үшін арнайы дағдыларды қалыптастырады; жалпы дамыту курстарын және арнайы курстарды тандауды қамтамасыз етеді, окушылардың жеке оқыту жүйесін құруға мүмкіндік жасайды. Азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайши және қоғамға қарсы кез келген көріністерге тәзбеуге тәрбиелеу. Окушыларға кәсіптік бағдар беру. Негізгі орта білім жалпы орта білім алу үшін негіз болып табылады. Әрбір пәннің мазмұнын зерделеу негізгі орта білім беру деңгейінде аяқталады. Негізгі орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын менгеру мерзімі - 5 жыл;

3) жалпы орта білім беру (10 - 11 сыныптар) окушының білімге деген қызығушылығы мен шығармашылық қабілеттерін дамытуды, оқытуды сарапау негізінде өз бетінше оқу іс-әрекеті дағдыларын қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Міндетті пәндерге қосымша жеке тұлғаның қызығушылықтарын, қабілеттері мен мүмкіндіктерін іске асыру мақсатында білім алушылардың өздері таңдаған пәндер, яғни гуманитарлық немесе жаратылыстану-математикалық бағыттар бойынша бейіндік оқыту енгізіледі. Жалпы орта білім бастауыш кәсіптік, орта кәсіптік (қысқартылған, жеделдетілген бағдарламалар бойынша) және жоғары кәсіптік білім алудың негізі болып табылады. Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын менгеру мерзімі - 2 жыл;

«Көркем еңбек» пәнін оқыту, сондай-ақ вариативті компонент сағаттары Мектепаралық оқу-өндірістік комбинат базасында (ол болған жағдайда) жүзеге

асырылуы мүмкін. Қосымша білім беруді дамыту шенберінде Қарағанды облысы білім басқармасының «Ақтогай ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрығына сәйкес мектептің жұмыс оку жоспарының вариативтік бөлігінің сағаттары қосымша білім беру үйымдарына берілуі мүмкін;

сағаттар мен сыныптарды беру, сондай-ақ үйірмелерді оқытуға байланысты барлық мәселелерді реттеу Қарағанды облысы білім басқармасының «Ақтогай ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесімен жүзеге асырылады. Мемлекеттік мекеме оку жоспарының вариативті компонентінің сағаттарын мемлекеттік мекеме ғимаратынан тыс (мәдениет мекемелері, спорт ғимараттары, әскери нысандар, зерттеу зертханалары, өнеркәсіптік кәсіпорындар, қосымша білім беру үйымдары және т.б.) өткізуге құқылы;

тиісті контингентті көрсететін сыныптар жиынтығы Қарағанды облысы білім басқармасының «Ақтогай ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысымен келісіледі. Сыныптар жиынтығын қалыптастыруға мемлекеттік мекеме басшысы дербес жауапты болады. Сыныптардағы оқушылар саны осы білім беру үйымына тікелей бөлінетін бюджет каражаты ескеріле отырып, санитариялық нормалар сақталған жағдайда қолданыстағы «Білім беру обьектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына сәйкес белгіленеді;

сыныптар, тізімі мемлекеттік білім беру стандартында айқындалған пәндерді оку кезінде кемінде 20 оқушы санымен 2 кіші топқа бөлінуі мүмкін. Егер оку жылы ішінде оқушылар саны 20 оқушыдан кем болса, онда сыныпты 2 кіші топқа бөлу осы оку жылының келесі тоқсанынан бастап тоқтатылады. Жарғының осы тармағы бюджеттік мүмкіндіктерін ескереді;

егер мемлекеттік мекеме мәртебесі бойынша шағын жинақталған мектепке жататын болса, онда оку-тәрбие процесі білім алушылардың аралас сыныптарда әртүрлі жастағы окуын ескере отырып қамтамасыз етіледі;

шағын жинақталған мектептерде жекелеген пәндерді оку кезінде және сыныпта 10-16 білім алушы болған кезде кіші топтарға бөлуге жол беріледі.

Сыныптарды бір сынып-жиынтыққа біріктіру кезінде әртүрлі жастағы білім алушылардың саны 10 адамнан аспауы тиіс. Шағын жинақталған мектептердегі сыныптардың толымдығы 3-10 адам және одан жоғары. Үш немесе төрт сыныпты біріктірген кезде оку сабактарын үйымдастырудың жылжымалы кестесі қолданылады. Бірінші сынып және бітіруші сыныптардың білім алушыларын бірлесіп оқытуға жол берілмейді;

мемлекеттік мекемеде толық және жарты күн болатын мектепке дейінгі шағын орталық құрылуы мүмкін. Мектепке дейінгі шағын орталық заңды тұлға болып табылмайды, мемлекеттік мекеменің құрылымдық бөлімшесі болып табылады және мектепке дейінгі жастағы балаларды жан-жақты дамыту және олардың ата-аналарына баланы тәрбиелеу мен оқытуды, балаларды әлеуметтік бейімдеуді үйимдастырудың консультативтік-әдістемелік қолдау көрсету үшін құрылған;

шағын-орталыққа қабылдау мектепке дейінгі білім беру үйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау қағидалары негізінде

жүргізіледі. Балаларды қабылдау үшін құжаттар тізімі мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау қағидаларымен және мемлекеттік қызметтер көрсетудің тиісті мемлекеттік стандартымен айқындалады;

мемлекеттік мекеме деңсаулық жағдайы туралы медициналық қорытындыға сәйкес оқушылармен үйде сабак өткізуі қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің нұсқаулықтарына сәйкес аптасына оқу сағаттарының саны бөлінеді, кесте жасалады, бұйрықпен педагогтердің дербес құрамы анықталады, өткізілген сабактар журналы жүргізіледі. Ата-аналар (заңды өкілдер) үйде сабак өткізу үшін жағдай жасауға міндetti;

оқу сабактары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен басталады және аяқталады. Оқу жылының ұзақтығы, оның ішінде оқу апталары мен демалыс саны білім беру саласындағы мемлекеттік стандарттың талаптарына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік актілеріне сәйкес айқындалады;

мемлекеттік мекемеде келесі жұмыс және сабак тәртібі белгіленуі мүмкін: бірінші ауысымда сабактың басталуы – сағат 8:00 (8:30 немесе 9:00), екінші ауысымда – сағат 13:30 (14: 00). Сабак кестесін мемлекеттік мекеменің директоры не оны алмастыратын адам бекітеді. Сабак кестесінде оқу сабактарының күнделікті саны, ұзақтығы мен реттілігі, сондай-ақ сабактар арасындағы үзілістердің ұзақтығы көрсетіледі. Мектептегі сабак кестесінің мәселелері қолданыстағы «Білім беру обьектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларымен реттеледі. Сабак кестесі үәкілетті органдар және (немесе) лауазымды адамдар белгілеген шектеу шараларына негізделген эпидемиологиялық жағдайға сәйкес өзгеруі мүмкін.

сабактар арасындағы үзіліс кезінде мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ата-аналар мен жалпыға міндettі оқу

қорының қарожаты есебінен мектеп асханасында жүзеге асырылатын білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастырады;

мемлекеттік мекемедегі тәртіп білім алушылардың, тәрбиеленушілердің, педагогтардың адамдық қадір-қасиетін құрметтеу негізінде сакталады. Білім алушыларға қатысты күш көрсету және психикалық зорлық-зомбылық әдістерін қолдануға жол берілмейді. Оқушыларға дәрігерге дейінгі медициналық қызмет көрсетуді мейірбіке қамтамасыз етеді, ол әкімшілікпен және педагогикалық персоналмен қатар білім алушылардың деңсаулығы мен физикалық дамуына, емдеу іс-шараларын жүргізуге және санитариялық-гигиеналық нормаларды сақтауға жауапты болады. Дәрігерлік медициналық қызмет көрсетуді жергілікті деңгейдегі деңсаулық сақтау органдары (емхана) жүзеге асырады. Оқушылар кесте бойынша медициналық тексеруден етеді;

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының талаптарына сәйкес мектеп формасы міндettі. Оны киу тәртібі мен стилі ата-аналар комитетімен немесе қамкоршылық кеңесінің келісімі бойынша мемлекеттік мекеме директорының бұйрығымен бекітіледі;

мектеп формасы оқытудың зайырлы сипатына сәйкес келуі керек. Бас киімдер мен түрлі конфессиялардың діни тиесілілігінің атриуттарын қоса алғанда, киім элементтерін мектеп формасына қосуға жол берілмейді;

міндettі мектеп формасына қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрығында белгіленген жалпы талаптарға сәйкес болуы тиіс;

мекемеде саяси партиялардың, қоғамдық-саяси және діни қозғалыстар мен ұйымдардың ұйымдық құрылымдарын құруға және олардың қызметіне жол берілмейді. Мемлекеттік мекеме зайдың және діни білімнің бөліну принципін сақтауға міндettі. Діни тәрбиенің кез келген түріне жол берілмейді;

инклузивті білім беру мақсаттарын жүзеге асыра отырып, мемлекеттік мекеме ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларға білім алу, дамудың бұзылуын түзету және білім берудің барлық деңгейлерінде әлеуметтік бейімделу үшін арнайы жағдайларды қамтамасыз етеді. Мемлекеттік мекемеде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды ата-аналарының (занды өкілдерінің) мұдделерін ескере отырып, жалпы сыныпта (екі баладан аспайтын) үлгілік оку бағдарламасы, оның ішінде қысқартылған немесе жеке оку бағдарламасы бойынша және (немесе) арнайы сыныптарда арнайы оку жоспарлары мен бағдарламалары бойынша дамудағы бұзушылықтардың түрлері бойынша оқыту көзделген. Жалпы және (немесе) арнайы сыныптарда оқитын ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалар үшін арнайы педагогтер (олигофренопедагог, сурдопедагог, тифлопедагог, мұғалім-дефектолог, мұғалім-логопед, логопед) түзету сабактарын өткізеді. Мемлекеттік мекемеде логопедтік пункт өз жұмысын тұрақты негізде жүзеге асыра алады. Логопедтік пункт ашу Қарағанды облысы білім басқармасының «Ақтогай ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрығымен ресімделеді;

мемлекеттік мекемеге қабылдау бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің білім беретін оку бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына окуға қабылдаудың үлгілік қағидалары негізінде жүргізіледі. Балаларды қабылдауға арналған құжаттардың тізімі бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оку бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына окуға қабылдау қағидаларында және мемлекеттік қызметтер көрсетудің тиісті мемлекеттік стандартында айқындалады. Бірінші сыныпқа қабылдау кезінде баланың ата-аналары немесе занды өкілдері мұғалімді тандауға құқылы емес. Сыныптан сыныпқа көшу үлгерім нәтижелері бойынша педагогикалық кеңестің шешімімен жүзеге асырылады. Сыныптан сыныпқа көшу үлгерім нәтижелері бойынша педагогикалық кеңестің шешімімен жүзеге асырылады;

шагын жинақты мектептерді қоспағанда, 0-11 сыныптарда білім алушылардың ең аз саны 12 адамнан кем болмауы керек. Мектепалды сыныптарға қабылдау ата-анасының немесе өзге де занды өкілдерінің өтініші бойынша жүзеге асырылады;

интернатқа оку жылы ішінде 6 жастан бастап 18 жасқа дейінгі балалар қабылданады;

мекемеге жіберілетін әр балаға мынадай құжаттар қажет:

- 1) Қарағанды облысының білім басқармасы «Ақтогай ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің шешімі немесе мектеп-интернаты директорының тиісті бұйрығы;
- 2) туу туралы күелігі;
- 3) денсаулық жағдайымен екпелері туралы дәрігерлік құжаттар;
- 4) білім туралы құжаттар (мектеп жасындағы бала үшін);
- 5) баланың өмір сүру жағдайын тексеру актісі;
- 6) ата-анасты туралы мәліметтер;
- 7) аға-інілерінің, апа-сіңілілерінің және басқада жақын тұystарының бар-жоғы және олардың тұратын жері туралы анықтама.

интернаттарда онда тұруға қайши келетін медициналық ауытқушылығы жоқ 6 жастан 18 жасқа дейінгі балалар оқып, тәрбиленеді;

интернатқа орталық нерв жүйесінде ақауы мен терең ағзалық жаракаты барлар қабылданбайды;

тәрбиленуші интернатта өзіне қатысты ішкі тәртіп ережелері мен интернат тәрбиленушілерінің ережесін, Жарғы ережелерінің талаптарын орындауға міндettі;

негізгі мектепті бітірген интернат тәрбиленушілері орта арнаулы білім мекемелеріне жолдама ала алады;

директордың бұйрығымен балалардың занды өкілдері өтініш негізінде тәрбиленушілерді каникул күндері, демалыс кезінде және мейрам күндері, ал кейбір себепті жағдайларда басқа да күндері үйлеріне жібере алады;

баланың Занды өкілдерінің өтініші негізінде, директордың бұйрығымен тәрбиленушілер мекемеден босатылады;

білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды атtestаттау бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылаудың, аралық және қорытынды атtestаттаудың үлгілік қагидаларына сәйкес жүргізіледі;

қорытынды атtestаттаудан сәтті өткен тулектерге мемлекеттік мекеменің мөрімен расталған тиісті білімі туралы мемлекеттік үлгідегі құжат беріледі;

кәмелетке толмаған білім алушыларды шығаруға құқыққа қайши әрекеттер жасағаны, білім беру үйыминың жарғысын өрескел және бірнеше рет бұзғаны үшін білім беру үйымин мемлекеттік басқару органының шешімі бойынша ерекше жағдайларда жол беріледі. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығының қалған балаларды шығару туралы шешім қорғаншылық және қамқоршылық органдарының келісімімен қабылданады. Кәмелетке толған білім алушыларды мемлекеттік мекемеден шығаруға педагогикалық кеңестің шешімі бойынша құқыққа қайши әрекеттер жасағаны, білім беру үйиминың жарғысын өрескел және бірнеше рет бұзғаны, сондай-ақ үлгерімі үшін жол беріледі;

тәрбиленушілерді шағын-орталық топтарынан шығару ай сайынғы төлем уақтылы төленбеген, дәлелді себептерсіз бір айдан артық өткізіп алған жағдайларда, медициналық қарсы көрсетілімдер болған кезде жүргізіледі;

білім алушыларға дәрігерге дейінгі медициналық қызмет көрсетуді мейірбіке қамтамасыз етеді, ол әкімшілікпен және педагогикалық персоналмен қатар білім алушылардың денсаулығы мен физикалық дамуына, емдеу іс-

шараларын жүргізуге және санитариялық-гигиеналық нормаларды сақтауға жауапты болады. Дәрігерлік медициналық қызмет көрсетуді жергілікті деңгейдегі деңсаулық сақтау органдары (емхана) жүзеге асырады. Білім алушылар кесте бойынша медициналық тексеруден өтеді;

жалпы білім беру процесінің қатысушылары тәрбиеленушілер, білім алушылар, педагогтар, тәрбиеленушілердің және білім алушылардың ата-аналары (оларды алмастыратын адамдар) болып табылады;

окушылар құқылы:

- 1) тегін жалпы орта білім алуға;
- 2) әр түрлі қызмет түрлеріндегі ерекше жетістіктері үшін көтермелегеуге;
- 3) медициналық қызмет көрсетуге;
- 4) кітапхана қорын тегін пайдалануға;
- 5) қосымша (ақылы) білім беру қызметтерін алуға;
- 6) мекемені басқаруға қатысуға;
- 7) адамның қадір-қасиетін құрметтеуге, ар-ојдан, ақпарат бостандығына, өз пікірлері мен сенімдерін еркін білдіруге;

мемлекеттік мекеме зايырлы және діни білімнің бөліну принципін ұстанады.

Діни тәрбиенің кез келген түріне жол берілмейді;

қорытынды аттестаттаудан сәтті өткен тұлектерге мемлекеттік мекеменің мөрімен расталған тиісті білімі туралы мемлекеттік үлгідегі құжат беріледі;

білім алушылар міндетті:

- 1) мемлекеттік мекеменің жарғысын және ішкі тәртіп ережелерін орындауға;
- 2) адап окуға және мемлекеттік мекеменің мұлкіне ұқыпты қарауға, білім алушы мектеп мұлкіне зиян келтірген жағдайда, ата-анасымен бірге оны қалпына келтіруге және құнын өтеуге;
- 3) мекеменің басқа білім алушылары мен қызметкерлерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;
- 4) мекеме бекіткен мектеп формасын киуге;

кәмелетке толмаған балалардың ата-аналары мен өзге де занды өкілдерінің:

- 1) баланың қалауын, жеке бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып, мекеме ұсынатын мүмкіндіктер шенберінде оқу нысанын тандауға;
- 2) қамқоршылық кеңес немесе ата-аналар комитеті арқылы мемлекеттік мекемені басқару органдарының жұмысына қатысуға;
- 3) өз балаларының үлгерімі, мінез-құлқы және оқу жағдайлары туралы ақпарат алуға;
- 4) өз балаларын оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша консультациялық көмек алуға құқығы бар;

ата-аналар мен өзге де занды өкілдер:

- 1) балалардың өмірі мен окуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға, олардың интеллектуалдық және физикалық құштерінің дамуын, адамгершілік қалыптасуын қамтамасыз етуге;
- 2) балаларды жалпы білім беретін мектепке одан әрі айқындей отырып, мектепалды даярлықты қамтамасыз етуге;

- 3) мемлекеттік мекеменің жарғысында белгіленген ережелерді орындауға;
- 4) балалардың мемлекеттік мекемедегі сабактарға қатысуын қамтамасыз етуге;
- 5) мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін күрметтеуге;
- 6) білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды орындауға;
- 7) мемлекеттік мекемеде белгіленген киім нысанын сақтауға;
- ата-аналар (оларды алмастыратын адамдар) мекеменің жарғысын, ішкі тәртіп ережелерін орындауға және өз балаларын тәрбиелеу мен оқытуға, сондай-ақ мемлекеттік меншікке ұқыпты қарауға жауапты болуға міндетті;
- мемлекеттік мекемені басқару Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Жарғыға сәйкес жүзеге асырылады. Алқалы басқару нысаны – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен педагогикалық кеңес болып табылады;
- мемлекеттік мекемені тікелей басқаруды директор жүзеге асырады;
- директор жауап береді:
- 1) лауазымдық нұсқаулықта белгіленген нормативтік актілерді, басқару органдарының бүйіркітaryын, лауазымдық міндеттерді дәлелді себептерсіз орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны, оның ішінде берілген құқықтарды пайдаланбағаны үшін;
  - 2) нормативтік актілерді, облыстық және қалалық/аудандық маңызы бар білім беру органдарының бүйіркітaryын, лауазымдық нұсқаулықпен белгіленген лауазымдық міндеттерді дәлелді себептерсіз орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны, оның ішінде берілген құқықтарды пайдаланбағаны үшін;
  - 3) білім алушының жеке басына қарсы физикалық және (немесе) психикалық зорлық-зомбылықпен байланысты тәрбиелеудің бір реттік әдістерін қолданғаны, сондай-ақ өзге де азғындық әрекеттерді жасағаны үшін директор енбек заңнамасына сәйкес қызметінен босатылуы мүмкін;
  - 4) өрт қауіпсіздігі, еңбекті қорғау қағидаларын, оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың санитариялық-гигиеналық қағидаларын бұзғаны үшін директор Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауапкершілікке тартылады;
- тиісті бейіндер бойынша арнайы педагогикалық немесе кәсіптік білімі бар адамдарға педагогикалық қызметпен айналысуға рұқсат етіледі. келесі адамдар жұмысқа жіберілмейді:
- 1) медициналық қарсы көрсетілімдері бар;
  - 2) психиатриялық және (немесе) наркологиялық диспансерде есепте тұрғандар. Жыл сайын жылына бір рет, оку жылының басында педагог өзінің психиатриялық және (немесе) наркологиялық диспансерде тіркелмегендігін кез келген занды түрде растайды;
  - 3) соттың занды күшіне енген үкіміне сәйкес педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыру құқығынан айырылғандар;
  - 4) Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылғандар;

5) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде көзделген шектеулер негізінде;

жұмысқа қабылдау кезінде директор азаматтық қызметшінің тиісті бослауазымдарына орналасуға қойылатын біліктілік талаптарын басшылыққа алуға міндettі. Тиісті білімі болмаса, педагогикалық қызметпен айналысуға жол берілмейді. Азаматтарды педагогикалық қызметке қабылдау тәртібін бұзғаны үшін директор дербес жауапты болады. Мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері тиісті лауазым немесе қызмет түрі үшін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді;

мемлекеттік мекемені басқарудың бір түрі - педагогикалық кеңес. Педагогикалық кеңестің құрамына: білім беру ұйымының директоры (төраға), оның орынбасарлары, педагогтар, тәрбиешілер, психолог, әлеуметтік педагог кіреді. Мемлекеттік білім беру мекемесінің педагогикалық кеңесінің отырысына ата-аналар комитетінің немесе қамкоршылық кеңесінің мүшелері шақырылады. Педагогикалық кеңестің құрамы оку жылына арналған директордың бұйрығымен бекітіледі. Педагогикалық кеңес өз мүшелері арасынан бір жыл мерзімге хатшы сайлайды;

педагогикалық кеңес:

1) мемлекеттік мекемеде құқықтық актілерді орындау жөніндегі іс-шараларды;

2) оку-тәрбие және әдістемелік жұмыстың жағдайын, оқытудың барлық нысандары бойынша оқыту әдістерін жетілдіру мәселелерін, оқытудың жана технологияларын енгізуі;

3) оку-тәрбие жұмысын жоспарлау мәселелерін;

4) қорытынды аттестаттауды өткізу, білім алушыларды емтихандарға жіберу, ұсынылған құжаттар негізінде білім алушыларды емтихандардан босату, білім алушыларды келесі сыныпқа ауыстыру немесе оларды қайта осы курста қалдыру, білім алушыларды грамоталармен, мақтау қағаздарымен марапаттау, негізгі орта білімді үздік бітіргені туралы аттестат, негізгі орта білімді бітіргені туралы аттестат, үздік аттестат, жалпы орта білім туралы аттестат, белгіленген үлгідегі анықтама беру мәселелерін;

5) оку жүктемесін бөлу, алдын ала тарифтеу, аттестаттауға дайындау, марапаттау және педагогтерді көтермелеге мәселелерін қарастырады;

педагогикалық кеңестің жұмысы оку жылына әзірленетін, педагогикалық кеңестің отырысында қаралатын және мемлекеттік мекеменің директоры бекітетін жоспарға сәйкес жүргізіледі. Педагогикалық кеңес жылына кемінде бес рет жиналады;

15. Мемлекеттік мекеменің осы Жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқығы жоқ.

16. Мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайши не оның директорының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасаған мәмілесі: құрылтайшының, тиісті саланың уәкілетті органының, сондай-ақ оған қатысты осы Жарғыда көрсетілген мүлікке қатысты құқық субъектісінің,

мемлекеттік мұлік жөніндегі уәкілдепті органның функцияларын жүзеге асыратын органның талап қоюы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

#### **4 тарау. Мемлекеттік мекемені басқару**

17. Мемлекеттік мекемені жалпы басқаруды Қарағанды облысы білім басқармасының «Ақтогай ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі жүзеге асырады.

18. Қарағанды облысының әкімдігі мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды.

«Қарағанды облысының экономика басқармасы» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) коммуналдық мемлекеттік мекемеге мұлікті бекітіп береді;
- 2) мемлекеттік мекеменің жарғысын, оған енгізілген өзгерістер мен толықтыруды бекітеді.

Қарағанды облысы білім басқармасының «Ақтогай ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіpte келесі функцияларды жүзеге асырады:

- 1) мемлекеттік мекеменің директорын тағайындауды;
- 2) мемлекеттік мекеменің қаржыландыру жоспарын бекітеді;
- 3) мемлекеттік мекеме мұлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;
- 4) мемлекеттік мекеменің басқару органдарының құрылымын, қалыптастыру тәртібін және өкілеттік мерзімін, мемлекеттік мекеменің шешімдер қабылдау тәртібін анықтайды;
- 5) мемлекеттік мекеме директорының құқықтарын, міндеттерін және жауапкершілігін, оны қызметінен босату негіздерін анықтайды;
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік мекеменің штат санын, тарификациялық тізімдерін және өзге де қаржышаруашылық құжаттамаларын келіседі;
- 7) мемлекеттік мұлік жөніндегі уәкілдепті органға мемлекеттік мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алған мұлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге жазбаша келісім береді;
- 8) мемлекеттік мекеменің құрылтайшысына мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату туралы ұсыныстар енгізеді;
- 9) өзіне осы жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасымен жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

19. Мемлекеттік мекеменің директоры білім беру саласындағы уәкілдепті орган бекіткен тағайындау қағидаларына сәйкес Қарағанды облысы білім басқармасының «Ақтогай ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы қызметке тағайындауды және қызметтеген босатады.

20. Мемлекеттік мекеменің директоры мемлекеттік мекеменің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды, Қарағанды облысы білім басқармасының «Ақтогай ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне тікелей бағынады және мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттердің

орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыруына жеке жауапты болады.

21. Мемлекеттік мекеменің директоры дара басшылық қағидаты бойынша әрекет етеді және мемлекеттік мекеме қызметінің мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

22. Мемлекеттік мекеме директорының мемлекеттік мекеменің жарғылық емес қызметті жүзеге асыруына бағытталған әрекеттері еңбек міндеттерін бұзу болып табылады және тәртіптік және материалдық жауапкершілік шараларын қолдануға әкеп соғады.

23. Мемлекеттік мекеменің директоры Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) мемлекеттік мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 2) мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда мемлекеттік мекеменің мүдделерін білдіреді;
- 3) шарттар жасайды;
- 4) сенімхаттар береді;
- 5) мемлекеттік мекеменің іссапарлар, тағылымдамалар, қызметкерлерді қазақстанның және шетелдік оку орталықтарында оқыту және қызметкерлердің біліктілігін арттырудың өзге де түрлері жөніндегі жоспарларын бекітеді;
- 6) банк шоттарын ашады;
- 7) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;
- 8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік мекеменің қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне көтермелей шараларын қолданады және тәртіптік жаза қолданады;
- 10) өз орынбасарларының және мемлекеттік мекеменің өзге де басшы қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттік шеңберін айқындауды;
- 11) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау бойынша жұмысты ұйымдастырады, оның ішінде білім беру ұйымдарында сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу және болдырмау бойынша шаралар қабылдайды;
- 12) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы жарғымен және Қарағанды облысы білім басқармасының «Ақтогай ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесімен оған жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

## **5 тарau. Мемлекеттік мекеменің мұлкін құру тәртібі**

24. Мемлекеттік мекеменің мұлкін бағасы оның теңгерімінде көрсетілетін заңды тұлғаның активтері құрайды. Мемлекеттік мекеменің мұлкі:

- 1) құрылтайшының өзіне берген мұлік;
- 2) өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мұлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаган өзге де қаржы көздері есебінен қалыптастырылады.

25. Мемлекеттік мекеме өзіне бекітіліп берілген мүлікті және өзіне смета бойынша бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шыгаруға немесе оған өзге де тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

26. Мемлекеттік мекеменің қызметі Қарағанды облысының бюджетінен қаржыландырылады.

27. Мемлекеттік мекеме бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептілік ұсынады.

Бухгалтерлік есепті және мемлекеттік мекеме үшін есептілікті ұсынуды барлық туындайтын функциялары бар мемлекеттік мекеменің басқару органды жүзеге асыра алады.

28. Мемлекеттік мекеменің қаржылық-шаруашылық қызметін тексеру және ревизиялау Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

#### **6 тарау. Мемлекеттік мекемедегі жұмыс тәртібі**

29. Мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуге тиіс.

#### **7 тарау. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі**

30. Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу «Қарағанды облысының экономика басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шешімі бойынша жүргізіледі және «Занды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес аумақтық әділет органдарында мемлекеттік тіркеу рәсімінен өтеді.

#### **8 тарау. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату шарттары**

31. Коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру Қарағанды облысы әкімдігінің шешімі бойынша жүргізіледі.

32. Мемлекеттік мекеме заң актілерінде көзделген басқа да негіздер бойынша таратылады.

33. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыруды және таратуды Қарағанды облысының білім басқармасы мемлекеттік мекемесімен келісім бойынша Қарағанды облысының әкімдігі жүзеге асырады.

34. Таратылған мемлекеттік мекеменің кредиторлардың талаптарын қанагаттандырганнан кейін қалған мүлкін «Қарағанды облысының экономика басқармасы» мемлекеттік мекемесі қайта бөледі.

35. Таратылған мемлекеттік мекеменің ақшасы, осы занды тұлғаның мүлкін өткізу нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғанинан кейін қалған ақша тиісті бюджеттің кірісіне есептеледі.

**9 тарау. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері туралы  
мәліметтер**

36. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

Директор \_\_\_\_\_ А.С. Ибраева  
(көлік)



УСТАНОВКА  
ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
САНКТ-ПЕТЕРБУРГСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ  
ФИЛИАЛ  
ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
Каргалинскай області